Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кентінде өткізілген қоғамдастық жиыны туралы

ХАТТАМАСЫ

№16

Шалқия кенті **« 19» қараша 2025 жыл**

Өткізілген орны: Шалқия кенті әкімдігі сағ 15-00 мин

Қатысқандар: Ғ.Ерахынов-Шалқия кентінің әкімі,

Шалқия кентінің жергілікті қоғамдастықтың мүшелері- 5 адам.

(Т.Иматаев, Қ.Абжалов, Г.Дуйсенбаев, Тұрманов,Е.Жұмаділла)

К Ү Н Т Ә Р Т І Б І Н Д Е :

1.Құттықожа ауылы М.Оңалбаев көшесінің қиыршақ тас төселмеген қалған бөлігіне және М.Коккозов көшесіне қиыршақ тас төсеуге 1 433,0 мың тг қаржы бөлу,

2.Шалқия кенті, мен Құттықожа ауылын көгалдандыру мақсатында жалпы 5 құдық қазуға 1 500,0 мың тг қаржы бөлу,

3.Шалқия кентінің электр желілері мен трансформаторларын «Қызылорда» КРЭК компаниясының теңгеріміне өткізу мақсатында мемлекеттік тіркеуге-375,0 мың тг қаржы бөлу туралы.

Ғ.Ерахынов -Шалқия кентінің әкімі. Шалқия кентіне қарасты Құттықожа ауылы М.Оңалбаев көшесінің қиыршақ тас төселмеген қалған бөлігіне және М.Коккозов көшесіне қиыршақ тас төсеуге 1 433,0 мың тг қаржы бөлуге және Шалқия кенті, мен Құттықожа ауылын көгалдандыру мақсатында жалпы 5 құдық қазуға 1 500,0 мың тг қаржы бөлуге, Шалқия кентінің электр желілері мен трансформаторларын «Қызылорда» КРЭК компаниясының теңгеріміне өткізу мақсатында мемлекеттік тіркеуге-375,0 мың тг қаржы бөлуге жергілікті қоғамдастық мшелерінен ой пікірлерін айтуларын сұрады.

Т.Иматаев–қоғамдастық төрағасы. Жалпы елді-мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға, электр желілерді КРЭК компаниясының теңгеріміне өткізу мақсатында бөлініп жатқан қаржыға қарсы емес екендігін айтты.

Қ.Абжалов–қоғамдастықтың хатшысы. Шалқия кентінің М.Шоқай көшесінің бойынан ауыр жүк көліктері көп жүреді, осыны кенттің сыртындағы көшемен жүрсе деген ойын айтты және абаттандырулар мен көгалданыдурға, кенттің электр желісін КРЭК мекемесіне өтуіне қаржы бөлінген қаржыны қолдайтынын білдірді.

Қоғамдастық мүшелері Ғ.Дүйсенбаев, Ғ.Тұрманов,Е.Жұмаділлалар бірауыздан бөлініп отырған қаржыларды толық қолдайтындарын айтты.

Жергілікті қоғамдастық қаулы етеді:

1.Құттықожа ауылы М.Оңалбаев көшесінің қиыршақ тас төселмеген қалған бөлігіне және М.Коккозов көшесіне қиыршақ тас төсеуге 1 433,0 мың тг қаржы бөлуді,

2.Шалқия кенті, мен Құттықожа ауылын көгалдандыру мақсатында жалпы 5 құдық қазуға 1 500,0 мың тг қаржы бөлуді,

3.Шалқия кентінің электр желілері мен трансформаторларын «Қызылорда» КРЭК компаниясының теңгеріміне өткізу мақсатында мемлекеттік тіркеуге-375,0 мың тг қаржы бөлуді бірауыздан қолдайды.

Жиналыс төрағасы Т.Иматаев

Хатшысы Қ.Абжалов